

Бекітетін: *А.А.А.*

Мәртөк ауданы, Саржансай ауылы № 5 «Балбөбек» бөбекжай бақшасы

## **«Республика –күні»**

**«Гүлдер» тобы**

**Тәрбиешілері: Ибраева И.Е**

**Елемесова Э.М**

**2023-оқу жылы.**

## Республика күні

**Мақсаты:** Балалардың тілдік қорларын байыту, Республика күні мерекесі жайлы түсінік беру. Түсініктерін дамыта түсу, қиял, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балалардың патриоттық сезімдерін ояту, ұжымдық жұмысқа тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:** Құрметті балабақша ұжымы және тәрбиеленушілер! Сіздерді 25 қазан – Республика күні мересімен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, ашық аспан, Отанымызға тыныштық тілей отыра, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орнымыздан тұрып бірге орындайық.

**Назарбек:**

Ақжайық, Алтай арасы  
Қазақтың шалқар даласы  
Республикама қарашы!  
Жерімнің дәні маржандай,  
Қырманы асқар таулардай  
Республикама қарашы!  
Шолсаң да биік аспаннан,  
Жарқырар кені тастардан  
Республикама қарашы!

**Тәрбиеші:** Балалар біз қай елде тұрамыз?

**Балалар:** Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

**Тәрбиеші:** Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

**Балалар:** Еліміздің астанасы - Астана қаласы.

**Тәрбиеші:** Қазақстан Республикасының қай қаласында тұрамыз?

**Балалар:** Біз Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Саржансай ауылында тұрамыз.

**Тәрбиеші:** Біздің ұлтымыз?

**Балалар:** Біздің Ұлтымыз - қазақ.

**Тәрбие:** Біз қай тілде сөйлейміз?

**Балалар:** Біз қазақ тілінде сөйлейміз.

**Жүргізуші:** Қазіргі Президентіміз кім?

**Балалар:** Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

**Жүргізуші:** Өте жақсы, жарайсыңдар балалар, керемет.

**Жүргізуші:** 1990 жылдан бастап қазанның 25-і – Республика күні мерекесі болып тойланды. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таниды. Біздің еліміз дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттермен жан-жақты қарым-қатынас жасайды. Балалар, мен сендерге сұрақ қойғым келіп тұр. Мемлекеттік рәміздерді білесіңдер ме? Кім атап береді?

**Балалар:** Мемлекеттік рәміздерге – ту, елтаңба, әнұран жатады.

**Жүргізуші:** Тамаша, жарайсыңдар балалар. Рәміздер туралы өлең шумақтарын кім атып береді?

**Қайнар:**



Әнұраным, жанұраным,  
Айтар әнім, сөйлер сөзім.  
Туған жерім сағынарым,  
Мәңгі бақи шырқалады  
Республикам, Әнұраным.

**Мирас:**

Елтаңбасы елімнің,  
Неткен көркем әдемі.

Тұнығындай көңілдің,  
Ортада аспан әлемі.

Аделя:

Жарасқан байрақтың мәні бар,  
Көк аспан, көк қыран сәні бар.  
Көк байрақ ашық көк кеңісін,  
Алтын күн – белгісі жеңістің.

**Ән:** «Біз Отанның бөбегі».

**Тәрбиеші:** Ендеше балалар, кім Отан туралы өлең шумақтарын айтып береді?

**Айкөркем:**

Отан – сенің ата-анан,  
Отан – досың, бауырың.  
Отан – өлкең, астанан,  
Отан – аудан, ауылың.  
Отан – атам, Отан – әкем,  
Осы сөзім қате ме екен?  
Қате болса неге біздер?  
Дейміз оны атамекен.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар. балалар, адамның туып өскен жері, туған-туысқандарымен, жақындарымен бірге тұратын ата мекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың Отаны – Қазақстан Республикасы. Әрбір адамда Отанға, туған жерге деген ыстық сезім болады. Алысқа жолаушылап кетіп, туған жеріне оралған сәтте тауы да, тасы да ыстық болып тұрады.

Қыран құсым көк аспанда самғасын,  
Желбіресін көк байрағын сан ғасыр.

Жасұландар берік ұста туынды,

Жарқыратып туған елдің таңбасын-дей отыра, балалар туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер білетіндерің бар ма?

**Айнара:** Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

**Көркем:** Отан – отанда ыстық.

**Хазрет Али:** Туған жер – алтын бесік.

**Мұхамбетжан :**жердің түні де ыстық, күні де ыстық.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар, керемет.

Отан дегеніміз – Қазақстан,

Туымен тұғырлы,

Елтаңбасымен еңселі,

Әнұранымен айбатты.

**Би:** «Жаса Қазақстан»

**Ойын:** «Рәміздердің бөліктерін құрастыр»

**Тәрбиеші:** Ұлы ағартушы, халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынов: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан өссін» деген екен. Біз сіздерге тек перзентіміз емес, еліміздің ертеңі, нұрлы болашағы деп қараймыз. Туған еліміздің биікке ұшар сұңқары, бәйгенің алдын бермес тұлпары болыңдар дегім келеді. Сіздерді мемлекеттік мереке Республика күнімен тағы да құттықтаймын.